

## ҚАРҚАРАЛЫ СӘУЛЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Серік Т.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Смағұлов Н.Б.

Қарағанды қ.

Кең жатқан Сарыарқа даласында, шексіз мұхит ортасында тұрған жалғыз аралдай, қарағай орман басқан көне Қарқаралы таулары мыңжылдықтар бойы өз көркімен бой көтеріп тұр. Ежелден бері осынау әсем мекенді адам қоныстағаны бекер емес.

«Қарқаралы» атауының қалыптасу мен этимологиясы туралы талац мақалалар жазылып, пікірлер айтылғаны белгілі. Зерттеушілердің бір тобы этнографиялық (қарқара – бас киім) негізінде ғана қарастырса, келесі бір тобы тек тарихи-саяси (Қырқырхан) тұрғыдан, біреулері географиялық (қыр-жоталар) немесе этнологиялық тұрғыдан ғана жекелеп зерделейді [1, 10 б.].

Қарқаралы өңірі Еуразиялық кеңістіктің кіндігінде орналасқан. Сондықтан Қарқаралы – ежелгі дәуірдегі ғұндардың батысқа миграциясын, орта ғасырлардағы түркілер мемлекеттерінің қалыптасуын, Дешті-Қыпшақ даласындағы Жошы Ұлысының дәуірлеуін, Қазақ хандығы тұсындағы қалыптасқан билер мен батырлар институтын, патша үкіметінің отаршылдық саясатын, елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қозғалысы зиялыларының қызметі мен Кеңестік тоталитарлық кезеңнің ерекшеліктерін басынан кешірген өңір болғаны мәлім.

Қарқаралы тауларының бөктерінде алғаш қаланың құрылуы жазбаша, ресми түрде 1824 жылдан бас алады. Дәл сол кезде Патша өкіметінің ұзақ жерін отарлауда жетекші рөл атқарған Сібір орыс-казак отрядтары болашақ қаланың ірге тасын қалап, Қарқаралының қала ретіндегі жаңа тарихы жарық көре бастайды. Жергілікті табиғаттың байлығы жаңа қаланың көтерілінуіне өте қолайлы еді, дәлірек айтқанда жергілікті қарағай ағаштары мен гранит тастары құрылыс материалдары ретінде қолданылды. Жаңа қоныстанған орыс-казактар Қарқаралы өзенінің бойында өскен ағаштарды шауып, сол босаған жерге үйлерін салған. Кейбір деректерге сүйенсек, сол кездегі үйлердің ірге тастары «Қалмақ қорғанынан» алынған. Металдың қымбат болғанынан үйді салу кезінде темір шегелер сирек қолданылды. Ағаш үй құрылысында дінгектердің арасына тығыздап мүк салған. Осының арқасында үйде тұрақты температура сақталып, үйден жылу кетпеді. Өзен бойында қатар өскен қарағайлардың орнына ақырындап ағаштан өрілген еңселі үйлер пайда бола бастайды. Көп ұзамай Қарқаралыға көпес, саудагерлер қоныс аударады. Халықтың әл-ауқатының көтерілгені қаланың ғимараттарының сырт келбетінде де көрінді. Балташы ұсталар ағашқа жан салып, әртүрлі пішіндес өрнектермен безендірілген үйлер қала көшелеріне шуақ нұрын төкті.

Үйді тұрғызар алдында ең алдымен оның іргетасын қалайды. Қарқаралы үйлерінде бұл жағдайда гранит тастары қолданылды. Біреулер қалмақ қорғанынан қалған тастарды иеленсе, басқалары тау ортасында уақытша тас өндіру орындарын ұйымдастырған. Тастар тұтас бөлшектермен немесе ұсақталған қиыршықтармен өндірілуі мүмкін. Мұндай орындарда қара жұмысшылар еңбек етті. Шағылған тас бөлшектері бұқалар немесе ат жегілген арбаға артылып құрылыс немесе өндеу орындарына жеткізілген.

Ағаш материалдары Қарқаралы қаласы құрылысының ажырамас бөлігі болды. Құрылысқа арналған ағаштың сапасы климатқа, өскен топырағына, оның жасына және кептіру тәсіліне байланысты. Ағаштарды күздің кезінде шауып, қар түскен кезде шаналарға жегіп керекті орынға жеткізеді. Кесілген ағаштарды құрттан сақтап қалу үшін дереу қабықтан тазартады. Бөренелерді кептіру кезінде араларына төсеніштер салып бірін үстіне бірін жинап қояды, оған кемінде 8 ай, ал жақсы кебуі үшін шамамен 2 жыл қажет [2, 19 б.].

Орыс үйлерінің өрнектері славян мифологиясымен тығыз байланысты. Мысалға, карніз бойындағы ирек оюлар – суды, молшылықты білдіреді, ал терезенің маңдайшасында

орналасқан өрілген бұтақтарға ұқсас өрнек – Крин, өмір символы болып саналады. Онымен қатар күн, от, су мен жер элементтері ағаш үйлердің қасбетінде жиі кездеседі. Әр символдың өзіне тиесілі орны бар [2, 28 б.]. Кез келген ою-өрнектің жасырын мағынасы бар деп айтуға болмайды, себебі олардың көбі ғимараттардың сыртқы келбетін сәндеу мақсатында ғана жасалатын. Әрине, уақыт өте келе балташылар бұл өрнектердің шынайы мәнісін ұмытып тек қана ата-бабаларынан үйренген қолөнерін жалғастырды. Өз кезегінде Рязанцевтер әулетінің қызыл кірпіштен қаланған үйлері сол заманда Ресей империясының аумағында кең тараған «орыс» стилінде салынған.

Рязанцев ағайындылары жайында бір-екі ауыз сөз айта кетсе, қаланың батыс жағында орналасқан «Қара төбе» тауының етегінде Петр мен Андрей Рязанцевтерге тиесілі кірпіш зауыты жұмыс жасады. «Қара төбе» тауының майлы топырағын пайдаға жаратқан Рязанцевтер ағайындылары Қарқаралыны жаңа талапқа сай етіп қызыл кірпіштен қалай бастайды. Қала сәулеті жаңа деңгейге көтерілді. Сол үйлерді салған сәулетшілердің есімдері өкінішке орай әлі күнге дейін белгісіз. Бірақ оған қарамастан олардың қалдырған қолтаңбалары әлі күнге дейін Қарқаралы қаласының көркі саналып тұр. Тастай қатты кірпіштен үй қабырғасына түрлі өрнектер мен рельефтер салу әр ұстаның қолынан келе бермейтін өнер. Төрт қырлы кірпішке өзгеше қалып беру үшін құрылысшылар арнайы бір немесе екі жағы қайраған шот балғамен қолданды [3, 11 б.]. Соның арқасында бұл үйлердің бетінде домаланып түрлі пішінде бұралған оюларды көре аламыз. Революцияға дейінгі кірпіш ғимараттарының қазір салынып жатқан ғимараттардан айырықша ерекшелігі – олардың сапасында. Декоративті элементтердің бүтіндігі, кірпіштердің әлі күнге дейін жарылмағаны да осы себептен. Бұрында ғимараттардың басқаша салынғаны анық. Материалдар сапалы болды және құрылыс технологиялары қатан сақталып тұрды. Адамдар жылдамдық пен арзандатуға емес, сапаға ұмтылды. Сол үйлердің ұзаққа шыдағаны да осыдан. Бізге ертедегі құрылыс технологиялары жайлы жазылған көптеген көне кітаптар жетті. Иоанн Анурьевтің 1895 жылы жарық көрген «Вспомогательная книга при возведении каменных и деревянных зданий» кітабында кірпішті қалауға арналған ерітінді (раствор) дайындау әдісі жазылған.

Сол кітаптан алынған үзінді:

«Смесь извести и песка с водой называется известковым воздушным раствором. Правильно приготовленный раствор со временем от испарения в нём воды и от химического процесса твердеет так сильно, что становится крепче кирпичей, что заметно в старых постройках, в которых легче ломаются кирпичи, чем швы между ними»... [2, 179 б.].

Кірпіш қалауға арналған құрылыс ерітіндісінің негізгі компоненті ерте заманнан бері әк (известь) болған. Осының арқасында ғимараттардың қабырғалары мен іргетастары бұзылмай жүздеген жылдар бойы тұр. Ал ерітіндіге құстын жұмыртқасын қосу тек храмдарда болашақ фресканың орны сырлау үшін қолданылған Қаладағы көптеген қызыл кірпіштен қаланған ғимараттар өзінің бастапқы сән-салтанатты түріне сәйкес келмейді. Бояудан кейін бұл ғимараттар арзан әрі жасанды сияқты көрінеді. Бояудың колориті кірпіштің түсіне мүлдем сәйкес келмейді, сондықтан бұл ғимараттар қызғылт, ал кей жерлерде солғын болып көрінеді. Шын мәнінде қызыл кірпішті ешқандай жағдайда бояуға болмайды. Кірпіш ағаш сияқты «тыныс алуға» тиіс. Бояу жеткілікті ылғал мен ауаның келуіне тосқауыл қояды, содан кейін кірпіш үгітіле бастайды.

Қарқаралы қаласының сәулетінде өркендеген «орыс» стилінен бөлек, татар көпестерінің келуімен қала сәулетінде жаңа – Татар стилі пайда болады. Мысалға алатын болсақ, атақты көпестер Матақбаев Тойшыбек (ұлты қазақ) пен Хамит Бекметевтің зәулім үйлері «татар архитектурасының» әсем стилін айқын көрсетеді. Татар мәдениеті соңғы ғасырлар бойы орыс мәдениетімен тығыз байланыста болды, сондықтан да татар халқының дәстүрлі үйлері орыс халқымен ұқсас, дегенмен бірқатар ерекшеліктері бар. Татар халқы ғимаратты сәндеу кезінде басты рөлді орыс халқының үйлеріндегідей ағаштан ойылған оюларға емес, түрлі түсті бояулармен салынған жарық және ұсақ суреттерге бөлген. Әдетте бояуларды араластырмаған, бұл өз кезегінде суреттерге ерекше айқындылық пен жарықтық

береді. Әсіресе көп боялатын ғимараттардың қақпалары, ал үйдердің бетінде күн, геометрия белгілері сынды өрнектерді жиірек байқауға болады.

Әлемге әйгілі ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы тоқтаған үйді халық арасында көк төбелі үй деп атағаны көпшілікке мәлім. Қазіргі таңда бұл ғимараттың төбесі көк түсті шатырмен қапталған. Осы жерде тағы да бір күмән пайда болады, себебі қазақ халқы көк деп жасыл түсті де солай атады емес пе? Түркі халықтарынан бөлек Жапония, Корея секілді Шығыс Азия халықтары жасыл түсті көк деп атауды жөн көреді екен. Қарқаралы қаласының дерек беруші ақсақалдарының айтуы бойынша, шынымен де бұл үйдің шатыры жасыл түсті болған екен.

Дін қай заманда болмасын әр халықтың ұлттық құндылығы болып саналады. Қазақ хандығы Ресей империясының құрамына қосылғаннан кейін дін мәселесі өзектен түсті. Ресей империясы қазақ халқын орыстандыру мақсатында түрлі тәсілдерді қолданды. Орыс халқының діні мен тұрмыс салты қазақтарға жат болатын. Бірақ сонымен қатар «алып балықты» қолынан жіберіп алмау үшін ресей билігі қазақ даласына татар миссионерлерін қоныстандыра бастайды. Хива, Бұхара мұсылмандарынан қарағанда татар мұсылмандары ресей билігіне таныс әрі жақын болатын. Қоныс аударған татар халқы өзімен бірге қазақ даласына өз мәдениетінің бай мұрасын алып келді. Сол бір сәттен бастап қазақтың сар даласында шіркеулер мен мешіттердің екпінді құрылысы басталады.

Құнанбай қажы мешіті – қаламыздың ең көне ғимараттарының бірі. Ол 1849-1851 жылдар аралығында Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлының бастауымен салынған. Жұмыскерлердің жетіспеушілігінен станицаның казактары мешіт құрылысында белгілі бір ақыға жұмыс жасады. Мешіттің ашылуы 1851 жылдың қысына түсті. Кейбір адамдар, бұл мешіт орыс шіркеуіне келтіріп салынған дейді. Шын мәнінде, Құнанбай қажы мешіті татар сәулетінің айқын көрінісі болып табылады. Татар мешіттерінің ғимараттары ерекше. Әлемнің ешбір жерінде ұқсас құрылыстарды кездестіре алмайсыз. Бұл татар халқының Еділ бұлғарлары, Алтын Орда және Қазан хандығы сияқты ислам өркениеттерінің болуы нәтижесінде қалыптасқан ежелгі және қайталанбас сәулет дәстүрімен байланысты.

1899 жылы атақты этнограф, саяхатшы Дудин Самуил Мартынович сапар барысында Қарқаралыға тоқтайды. Қалада болған кезінде ол өзінің коллекциясы үшін қаланың бірнеше панорамалық фотосуреттерін түсіріп алды. Бүгінде біз осы фотосуреттерді зерттей отырып, тарихтағы кейбір бұрмалауларды түзете аламыз. Мысалы, Қарқаралының панорамалық суретінде мешіттің сыртқы көрінісі анық көрініп тұр. Сол фотоны мұқият қарасаңыздар, бұрынғы түрімен салыстырғанда қазіргі түрі мүлдем сәйкес келмейтінін байқай аласыздар. Мешітті қалпына келтіру жұмыстары өткен кезде көптеген бөлшектер жойылып, бастапқыдағы келбеті сақталмады. Көне фотоларды қарап отырып мешіттің минареті қазіргідей төрт қырлы емес сегіз қырлы болғанын байқай аламыз. Және де азан шақырылуы үшін минареттің төбесі, яғни ең жоғарғы қабаты ашық болған. Екі жыл бұрын Құнанбай қажы мешітінің төбесінде тұрған алғашқы айшықты өз көзіммен көруіме мүмкіндік алдым. Темірден соғылған айшықты уақыт өтегеле тат басып кеткен, бірақ кейбір жерлерінен бояудың қалдықтары байқалады. Темірдің үстінен сұр(күміс) бояу ал оның астынан жасыл бояудың бөлшектері көрінді. Сонда бұл минареттің бастапқыда жасыл түске одан кейін сұр (күміс) түске боялғанын анық білдіреді.

Қарқаралы үйлерінің тағы бір қазынасы – голланд пештері. Голланд пеші XVIII – XIX ғғ. ең танымал жылыту жүйелерінің бірі болды. Осы уақытқа дейін ол қазіргі үйлерде өте жиі кездеседі. Пештің іс жүйесі де өте қарапайым. Жергілікті климатты есепке алғанда, тез қызып, аз отын пайдаланатын пеш қажет болды. Бұған ирек-ирек түтінарналарының арқасында қол жеткізді. Оған қоса голланд пеші ғимараттың немесе үйдің ішінде үлкен жал пештерден қарағанда аз орын алатын [4, 32 б.].

Қарқаралы үйлерінде голланд пешінің жиі кездесетін түрі Утермарктың пеші (печь Утермарка) – деп аталады. Бұл пештің мықты металлдан жасалған қаптамасы болады. Пештің астында міндетті түрде іргетасы болуы тиіс. Іргетасын қалағаннан кейін үстіне металлдан жасалған қаптамаларды бөлшектермен кезек-кезек орнатып ішін кірпішпен қалайды. Мұндай

пештер бөлменің ортасына немесе екі бөлменің арасына орнатылады. Не дегенмен, Утермарктың пештерінде айтарлықтай елеулі минус бар, бұл түтін арналары, олар үнемі тазалауды қажет етеді [2, 334 б.].

Қарқаралы қаласының ажырамас бөлігі базар алаңы болып табылады. 1917 жылғы Қазан төңкерілісінен бұрын қала орталығын көпестер иеленген бірқатар ұзын тас дүкендер құратын. Ұлы Абай есімі біздің қала тарихымен тығыз байланысты. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында жас Абай дүкендерді аралап, ата-анасына сыйлықтар таңдап жүрген сәтті көрсететін жолдарды оқи аламыз. XX ғасырдың 70-жылдарында қалада жаңа әкімшілік ғимараттарының жаппай құрылысы басталады. Аудандық комитет басшылығы қаланың көркін бұзатын тас дүкендерді құртып, олардың орнына жаңа ғимараттар салуға шешім қабылдайды. Сол сәттен бастап Қарқаралы сауда дүкендерінің тарихы ұмытыла бастады. Бүгінгі Қарқаралы бір кездері бүкіл уездің өмірі қайнаған сауда орталығының ізін жоғалтты. Қарқаралы сауда нүктелерінің соңғы көзі «Тас-базар» еді, бірақ өкінішке қарай оны жеке меншік кәсіпкерлер иеленіп орнын жермен теңестірді.

Қазақта «Өмір қысқа – өнер мәңгі» – деген тамаша сөз бар. Әркім бұл сөздерді естіген мен, оның мән-жайын нақты түсіне алмайды. Ең ұлы кітаптар мен суреттер, мүсіндер мен симфониялар сериясында сәулет құрылыстары ұзақ жылар бойыберік тұр, бұған ешкім күмән келтіре алмайды. Сәулет өнеріндегі бұл ұстаным үйлесімділік, бөліктердің музыкалық байланысы ретінде белгілі ерекше сапаға негізделген. Белгілі бір дәрежеде сәулет пен басқа да өнер түрлеріне тән, бірақ адамның ерекше ұлылығында айқын көрінетін ерекше қасиет сияқты. Әрбір стильде белгілі бір уақыт пен орынның функционалдық, конструктивтік және көркемдік жақтарының ерекшеліктерінен көрінетін сипаты болады. Осы зерттеуімнің арқасында әр қаланың сәулеті адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналатынын түсіндім. Осылайша, біз мәдени ескерткіштерімізді сақтауымыз қажет, өйткені олар өткеннің бейнесі және айғағы, оны ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру және еш жағдайда оны құртуға жол бермеуіміз мойнымызға артылған ұлы міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздықов С.М. Қарқаралы – Қазылық. Ғылыми-танымдық кітап. – Астана: Фолиант, 2015. – 304 б.
2. Анурьев И. Вспомогательная книга при возведении каменных и деревянных зданий. – Вологда. 1895. – С. 400.
3. Сапожников А., Таманский П. Как самому строить небольшие дома и сельскохозяйственные каменные и деревянные постройки. – Москва. 1907. – С. 180.
4. Серік Т. Каркаралинские наличники: значение языческих символов. –Қарағанды. 2021 ж.